



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ**

---

**ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕНГЕРУДІҢ КОММУНИКАТИВТІК  
ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ  
ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙ  
ЖАЛПЫ МЕНГЕРУ**

**ҚР СТ 1927-2015**

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің  
Техникалық реттеу және метрология комитеті  
(Мемстандарт)**

**Астана**

## АЛҒЫ СӨЗ

**1** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны **ДАЙЫНДАП ЕНГІЗДІ**

**2** Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2015 жылғы «24» қарашадағы № 236-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

**3** Осы стандартта Қазақстан Республикасы Конституциясының (7 бап), Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңының; Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-ІІ «Техникалық реттеу туралы» Заңының; Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» нормалары іске асырылды.

**4** ҚР СТ 1927-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. Жалпы меңгеру» **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

**5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ  
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

2022 жыл  
5 жыл

*Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» сілтемесіне, ал өзгерістер мәтіні – «Мемлекеттік стандарттар» ай сайынғы ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе жойылған жағдайда, тиісті ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады*

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

## Мазмұны

1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	2
4 Қазақ тілін меңгерудің жоғары деңгейінің жалпы сипаттамасы	3
5 Тілді үйренудің жоғары деңгейіне қойылатын талаптардың мазмұны	5
5.1.1 Сөйлеу интенциялары	5
5.1.2 Коммуникативтік жағдаяттар	5
5.1.3 Қатысым тақырыптары	8
5.1.4 Сөйлеу әрекетінің түрлеріне қойылатын талаптар	8
5.1.4.1 Тыңдалым	8
5.1.4.2 Оқылым	9
5.1.4.3 Жазылым	10
5.1.4.4 Айтылым	11
6 Тілдік құзыреттіліктің мазмұны	12
Қосымшалар	14
Библиография	18

## Кіріспе

Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандарты Қазақстан Республикасы Конституциясына (7, 93-баптар); «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына; Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына; Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 4 қарашадағы № 3186 өкімімен мақұлданған «Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты тұжырымдамасына»; Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына»; Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан – 2050» стратегиясы: «Бір халық – бір ел – бір тағдыр» атты Жолдауындағы басым бағыттарға сәйкес әзірленген.

Аталған заңнамалық құжаттарда мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясатының және тіл құрылысының басты мақсаттарының бірі ретінде мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру мен стандарттау мәселелеріне айрықша назар аударылады. Шын мәнінде, соңғы жылдары қазақ тілін оқытып-үйрету сапалық жағынан жоғары деңгейлерге көтерілді, қоғам мүшелерінің қазақ тілін меңгеруге деген сұранысы мен ұмтылысында саналылық танылуда. Сұраныстар мен ұмтылыстар, негізінен, қазақ тілін мемлекеттік қызметте, халыққа қызмет көрсету орындарында, білім беру салаларында пайдалану үшін қажеттіліктен туындап отыр. Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Қазтест» бағдарламасы бойынша мемлекеттік тілді білу сертификатын алған, мемлекеттік қызмет көрсететін ұйымдардағы қызметкерлердің үлесі 2017 жылға қарай – 50%, 2020 жылға қарай – 100% болуы тиіс» деген міндет елдің болашағы, татулық пен келісім жолында мемлекеттік тілде сөйлеушінің беделді бейнесінің маңызды рөл атқаратындығын көрсетеді. Демек, осындай дәрежеге қол жеткізу үшін мемлекеттік тілді оқып-үйрену жеткіліксіз, оқып-үйренудің нәтижесін, қандайлық дәрежеде меңгерілгендігін бағалайтын, анықтайтын құжат қажет болады.

Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандарты әзірлеуде әлемдік білім беру үдерісіндегі алдыңғы қатарлы жобалардың (Еуропалық стандарт) бағыттары мен мазмұны жан-жақты зерделенді, тілді үйрету мен алған білімді бағалаудың 6 деңгейі еуропалық стандарт деңгейлеріне сәйкестендірілді. Сонымен қатар біздің елімізде қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесінде болуына байланысты және бұл фактор қоғам мүшелерінің қазақ тілін ресми және бейресми тілдік қарым-қатынастарда біршама дәрежеде толыққанды, еркін қолдана алуын қамтамасыз етуді қажет ететіндіктен, Ұлттық стандарттың мазмұны мен құрылымында қазақ тілінің табиғи, лингво-мәдени және стандартты

заңдылықтары мен ерекшеліктері (күнделікті тұрмыстық сөйлеу тіліне қатыстыларынан бастап ресми-іскери стиль, көркем әдеби стиль ерекшеліктеріне дейін) толық қамтылды және олар деңгейлердің мазмұны мен деңгейлер бойынша тілді меңгеруге қойылатын талаптарға қарай әдістеме ғылымының теориясы мен практикасы негізінде топтастырылды. Әрбір деңгей бойынша алған білімнің және тіл үйренушінің коммуникативтік-тілдік құзыреттілігі қалыптасуының көрсеткіші ретіндегі сертификат тіл үйренушіге берілетін нақты баға болып саналады.

Ұлттық стандарт мазмұны мен құрылымы бойынша тіл үйренушінің қазақ тілін қандай деңгейде меңгергендігін және оның коммуникативтік-тілдік құзыреттілігінің қандай дәрежеде қалыптасқандығын анықтау мен бағалауға толық мүмкіндік береді.

**ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕНГЕРУДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ТІЛДІК  
ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ. ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙ. ЖАЛПЫ МЕНГЕРУ**

---

**Енгізілген күні 2017-01-01**

## **1 Қолданылу аясы**

1.1 Осы стандарт:

- Қазақстан Республикасы азаматтарын қазақ тілін шетелтілі немесе екінші тіл ретінде жоғары деңгейде оқыту мазмұнының;
- Қазақстан Республикасы азаматтарының қазақ тілін жоғары деңгейдемеңгеру көлемінбағалаудың;
- қазақ тілін жоғары деңгейде меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерін қалыптастырды;
- қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі ҚАЗТЕСТ-тің жоғары деңгейге арналған тест тапсырмаларын қалыптастыруталаптарын белгілейді [4].

1.2 Осы стандарттың ережелерінқазақ тілін шетелтілі немесе екінші тіл ретінде оқытумен,Қазақстан Республикасында азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаумен айналысатынұйымдар мен мекемелер және ұйымдастыру-құқықтық, бағыныштылық формаларынан тәуелсіз Қазақстан Республикасы аумағында өз қызметін іске асырушы және мемлекеттік тілді оқыту мен Қазақстан Республикасында азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау қызметтеріне қатысатын өзге де жеке және заңды тұлғалар қолданады.

## **2 Нормативтік сілтемелер**

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжат қажет:

ҚР СТ 1926-2015 Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру.

**ЕСКЕРТПЕ:** Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттардың жарамдылығын ағымдағы жылдың жағдайына қарай жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттаудың нормативтік құжаттары» атты ақпараттық сілтеме бойынша және ағымдағы жылда ай сайын басып шығарылатын ақпараттық сілтемелерге сәйкестігін тексеру қажет. Сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) жағдайда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылған жағдайда сілтеме берілген ережесі осы сілтемені қамтымаған бөлігінде қолданылады.

### **3 Терминдер мен анықтамалар**

Осы стандартта ҚР СТ 1926-2015 бойынша терминдер қолданылады.

#### **4 Қазақ тілін меңгерудің жоғары деңгейінің жалпы сипаттамасы**

Жоғары деңгейде тіл қолданушы қоғамдық және еңбек қарым-қатынастарының барлық салаларына (әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық-әлеуметтік, қоғамдық-саяси, ресми-іскери және ғылыми, мәдени, кәсіби) қатысты сөйлеу жағдаяттарында сөйлеу актілеріне түсуге алдын ала дайындықсыз еркін араласады.

Аталған салаларда сөйлеу актісіне түсу (түсіну, түсіндіру, жауап қайтару, пікір білдіру, ақпаратты жеткізу, ойды логикалық түрде аяқтай алу, ақпаратты толықтыру, бағалау, талдау, қорытындылау, өз ойын дәлелдеу, шешу жолдарын ұсыну) барысында тіл қолданушы қазіргі қазақ әдеби тілінің лексикалық-грамматикалық тілдік бірліктерін орынды қолданып, мағыналық байланысы бар біршама көлемді мәтіндерді түзе алады.

Қазақ тілін жоғары деңгейде меңгеру сертификаты – тілді оқып үйренудің жетік деңгейіне апаратын нәтиженің көрсеткіші (сертификаттың үлгісі А қосымшасында көрсетілген).

Осы деңгейде тіл қолданушы әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық-әлеуметтік, қоғамдық-саяси, ресми-іскери және кәсіби салалары бойынша қатысым жағдаяттарына қатысуға мүмкіндік беретін тілді үйренудің жоғары деңгейіне сәйкес коммуникативтік құзыреттілікке ие болады.

Тіл қолданушы:

- есту, көру, тыңдау, оқу арқылы алынған ақпаратты толық түсінеді, түсіндіреді, ақпаратты жеткізеді, баға береді, талдайды және толықтырып, қорытынды жасайды, логикалық тұрғыдан толық аяқталған біршама күрделі ойды жеткізе алады, әртүрлі тақырыптағы пікірсайысқа қатысып, ойын дәлелдей алады;

- массмедиа арқылы берілген ақпараттық-сараптамалық бағдарламаларды тыңдап түсінеді, таныс емес сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын контекст арқылы анықтайды, көзқарастар қайшылығын анықтайды, пікірдің дәлелденуіне баға береді, өз ұстанымын аргументтер (түсіндіру, негіздеу, айғақ, мысалдар, фактілер) келтіру арқылы ұсынады;

- өз кәсіби саласына байланысты маңызды тақырыптар бойынша ақпарат, мәліметтер жинайды, олардағы мәселенің берілуіне талдау жасайды, топтастырады, таңдалған тақырыптың негізгі аспектілеріне сипаттама береді, түсіндіреді, шешу жолдарын ұсынады;

- көпшілік алдында хабарлама жасай алады;

- жоғары деңгейге арналған лексикалық тілдік бірліктерді, грамматикалық формаларды сауатты қолданып, стильдік ерекшеліктерді сақтап, осы деңгейге сәйкес еркін сұхбаттаса алады;

– жоғары деңгейге сәйкес ресми құжаттардың мазмұнын түсінеді, баяндайды, жоғары деңгейге сай жазба жұмыстарын орындай алады.

Жоғары деңгейдегі сөздер мен сөз тіркестері 5000 бірлікті құрайды.

Қазақ тілін жоғары деңгейде меңгерудің сипаттамасы сөйлеу әрекеттері бойынша №1-кестеде көрсетілген.

№1-кесте

<p><b>ТЫҢДАЛЫМ</b></p>	<p>Тіл қолданушы әдеби нормаларды сақтап, қазақ сөзінің табиғи заңдылықтары қарқынды айтылған кез келген тақырыптағы ақпаратты толық түсініп, қазақ тілділермен (ұлт өкілімен) дайындықсыз сұхбатқа еркін түсе алады. Тіл қолданушы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы берілген кәсібіне, қызметіне, елтанымға қатысты және өзін қызықтыратын ақпараттар мен мәліметтерді, дәрістер мен сұхбаттарды жақсы түсінеді. Қоғамдық-әлеуметтік, қоғамдық-саяси, ресми-іскери, ғылыми-мәдени тақырыптар бойынша диалогтерге алдын ала дайындықсыз қатыса алады. Бірнеше адам қатысатын сұхбат (полилог) үдерісіне белсенді түрде араласады.</p>
	<p>Тіл қолданушы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы берілген кәсібіне, елтанымға қатысты және өзін қызықтыратын тақырыптар бойынша дәрістер мен сұхбаттардың мазмұнын жақсы түсінеді, сауатты баяндап жеткізеді.</p>
	<p>Тіл қолданушы тыңдалымға арналған мәтіндердегі терминдердің, тұрақты тіркестердің, мақал-мәтелдердің мағыналарын жақсы түсінеді.</p>
<p><b>ОҚЫЛЫМ</b></p>	<p>Тіл қолданушы күнделікті өмірде, қоғамдық-әлеуметтік және қоғамдық-саяси салаларға (реттеуші қызметтік хаттар, ақпараттық жарнамалық мәтіндер, ресми-саяси ақпараттар, ішкі және сыртқы саясат, ғылым, білім, экономика, шаруашылық пен мәдениет салалары, өз мамандығы мен кәсібі бойынша мәтіндер) қатысты материалдарды, елтаным бойынша мерзімді басылымдардағы мәтіндерді оқып, өзіне қажетті ақпаратты алады, мазмұнын толық түсінеді және оны сауатты түрде баяндап береді, тұжырымды қорытынды жасай алады. Мазмұны жағынан өз кәсібі мен мамандығына сәйкес келетін мәтіндерде кездесетін терминдер мен терминдік тіркестерді, тұрақты тіркестерді, бейнелі оралымдарды сөздіктер, анықтамалық құралдардың көмегінсіз жақсы түсінеді.</p>
	<p>Мәтінді оқу жылдамдығы мен қарқыны жоғары.</p>
	<p><b>Жалпы бағдар мақсатындағы оқылым</b></p>



	<p>Тіл қолданушы жоғары деңгейге арналған лексикалық, грамматикалық тілдік бірліктер толық қамтылған біршама көлемді мәтіннен қажетті ақпаратты таба алады. Көлемді мәтіндерді мағыналық бөліктерге бөліп, әр бөліктегі маңызды ақпаратты жинақтайды, толықтырады, топтайды, қорытады және басқаға жеткізеді, пікір білдіреді, терминдер мен терминдік сөз орамдары қолданылған көлемді мәтіндерді оқып, мазмұнын, құрылымдық жүйесін, басты ойын, негізгі және қосымша ақпараттарды түсінеді, бағалайды, талдайды, сараптайды.</p>
	<p><b>Ақпарат және дәлел, негіздеме алу мақсатындағы оқылым</b></p>
	<p>Тіл қолданушы белгілі бір көзқарасты, пікірді дәлелдеуге бағытталған негізгі ойды, мазмұнды мәтіннен таба алады. Тар аядағы терминдер қолданылатын кәсіби мазмұнды (нұсқаулықтар, ережелер) мәтіндерді жақсы түсініп, өзіне қажетті ақпаратты алады. Бірнеше көзқарасты білдіретін ақпараттар мен дәйектерді жинақтап, сараптай алады.</p> <p>Тіл қолданушы зерттей оқуды меңгерген. Зерттей оқуда тіл қолданушы ғылыми-көпшілікке арналған (полемикалық сипаттағы мақалалар, хроникалар, рефераттар), сондай-ақ мамандығы мен кәсібіне қатысты мәтіндермен жұмыс жүргізеді. Зерттей оқу барысында төмендегідей дағдылар қалыптасады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- таныс емес сөздердің, терминдердің мағынасын ана тіліндегі баламасы арқылы таба алу;</li> <li>- мәтін тақырыбының атауына сүйене отырып, мәтін мазмұнын болжай алу;</li> <li>- мәтін мазмұнын түсінуде мәтіндік тіректерді (кесте, сызба, график, шрифтік айқындаулар, және т.б.) пайдалана алу;</li> <li>- біртүрлі, екітүрлі сөздіктерді пайдалана алу.</li> </ul>
<p><b>ЖАЗЫЛЫМ</b></p>	<p>Тіл қолданушы шынайы немесе шығармашылықпен жазылған оқиғаларды пайдаланып, таңдаған жанрының шарттарына сәйкес кез келген тақырыпта күрделі құрылымдарды пайдалана отырып, көлемді мәтіндерді құрастыра алады.</p> <p>Тіл қолданушы өзекті мәселелерді анық және нақты сипаттай алады. Продуктивті сипаттағы мәтіндерді құрастыра алады. Кәсіби мен мамандығына, жалпы білімінің деңгейіне сәйкес келетін тақырыпта эссе, сондай-ақ қызметтік хаттар (хаттама, анықтама, нұсқаухат, сенімхат, кепілхат, есеп, баянат, ілеспехат, жолдаухат) жаза алады. Оқыған кітабына, ғылыми еңбектерге пікір, аңдатпа, тезис жаза алады.</p>

<b>АЙТЫЛЫМ</b>	<p>Тіл қолданушы кез келген тақырып бойынша диалогтерге алдын ала дайындықсыз қатысады. Сұхбат барысындағы ақпаратты қабылдауы мен жауап қайтару әрекеті шапшаң болады; есту, оқу, көру, тыңдау арқылы алынған ақпараттар мен мәліметтердің мазмұнын логикалық бірізділікте ойды толық аяқтап баяндайды және түсіндіреді; кез келген тақырып бойынша тыңдаған дәрістерді жақсы түсініп, мазмұнын жеткізе алады. Бұл ретте қазақ тілінің орфоэпиялық нормалары, интонация, екпін, дауыс ырғағының заңдылықтарын сақтап, еркін сөйлейді. Өз тарапынан жазбаша түрде дайындалған баяндаманың, кәсіби тұрғыдағы жалпы тақырыптарға арналған мәтіндердің (өз мақаласын) мазмұнын ауызша еркін жеткізеді, талдай, сараптай алады.</p> <p>Айтылым барысында тіл қолданушы тақырыпқа, жағдаятқа сәйкес терминдерді, тұрақты тіркестерді, бейнелі оралымдарды, мақал-мәтелдерді пайдалана алады.</p> <p>Тіл қолданушы әңгімелесу барысында өзінің эмоциялық жай-күйін (таңдану, қуану, ренжу, қызығу), тақырыпқа қызығушылығын вербальді түрде еркін жеткізе алады.</p>
----------------	--

## **5 Тіл үйренудің жоғары деңгейіне қойылатын талаптардың мазмұны**

### **5.1.1 Сөйлеу интенциялары**

Жоғары деңгейде тіл қолданушының сұхбаттасушымен сөйлеу актісіне қатысып, ақпарат алмасуға, сұхбаттасушыға коммуникативтік ықпал жасауға бағытталған реттеуші ниеттеріне, бағалау-эмоциялық және коммуникативтік-ақпараттық, сондай-ақ, ақпараттық-сипаттамалық ниеттеріне қатысты жағдаяттар мен тақырыптар көлемінде коммуникативтік құзыреттіліктері қалыптасады. Осы мақсат үшін жоғары деңгейге арналған қоғамдық-әлеуметтік, қоғамдық-саяси, ресми-іскери және кәсіби, ғылыми-өндірістік, мәдени салалардағы жағдаяттарға қатысты лексикалық, грамматикалық тілдік бірліктерді толыққанды, әдеби нормаларды толық сақтай отырып, сауатты пайдаланады.

Ортадан жоғары деңгейдің стандартында көрсетілген сөйлеу актілері интенцияларын ескере отырып, жоғары деңгейде мына интенциялар қосымша беріледі.

**Сұхбаттасушымен сөйлеу актісіне қатысып, ақпарат алмасуға бағытталған ниеттер (интенциялар):**

- коммуникацияға түсу (*әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық-әлеуметтік, қоғамдық-саяси, ресми-іскери және кәсіби, ғылыми-өндірістік, мәдени салаларға қатысты жағдаяттардың барлығында*);

- ақпарат алмасуға бағытталған ниет барысында сөйлеу әдеби формаларын кез келген жағдаятқа сәйкес қолданып, пікірін, эмоциясын

білдіру және осы мақсатта қолданылатын сөздердің лингво-мәдени мазмұнын түсіну;

- қатысым үдерісіне еркін түрде араласу және өз кәсібі мен мамандығына, лауазымы мен қызметіне байланысты лексикалық-грамматикалық бірліктерді (оның ішінде, әсіресе, өз мамандығына қатысты терминдерді, сондай-ақ, бейнелі сөз орамдарын) сұхбат барысында дұрыс қолдана білу.

### **Сұхбаттасушыға коммуникативтік ықпал жасауға бағытталған реттеуші ниеттер:**

Әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық-әлеуметтік, қоғамдық-саяси, ресми-іскери және кәсіби, ғылыми-өндірістік, мәдени салаларға қатысты жағдаяттарда коммуникативтік актіге қатысатын барлық тарапқа өз пікірін еркін жеткізе алу, өз ойын логикалық түрде дәлелдеу, әртүрлі репликалар арқылы реакция жасау, қорыту және т.б. үшін реттеуші-ықпал етуші формаларын қолдана білу.

**Бағалау-эмоциялық ниеттер** (*іс-қимыл, оқиға, зат, адамдарға көзқарасты, қатынасты*) ұстанымды бағалау, сыни тұрғыдан қарау, пікір білдіру):

Әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық-әлеуметтік, қоғамдық-саяси, ресми-іскери және кәсіби, ғылыми-өндірістік, мәдени салаларға қатысты жағдаяттарда коммуникативтік қарым-қатынастар үшін қажетті бағалау, (іс-қимылдың, оқиғаның немесе заттың артықшылығын/кемшілігін көрсету, жағымды/жағымсыз әрекетке баға беру; оқылған, тыңдалған, көрген ақпаратқа қызығушылық таныту; болжам жасау, оны растау немесе жоққа шығару; есту, оқу, көру арқылы алынған мәліметке баға беру, сараптау, сыни пікір білдіру).

### **Коммуникативтік-ақпараттық және ақпараттық-сипаттамалық ниеттер:**

- қоғам өмірі, кәсіби, ресми, саяси, қоғамдық-әлеуметтік, ғылыми-өндірістік, мәдени салалар бойынша орындалатын/орындалған іс-әрекет туралы нақты ақпарат беру және ақпарат алу;

- қажетті білік-дағдылар (*өзі білетін ақпараттар мен мәліметтер бойынша пікір алмасу, сыни көзқарас білдіру, қорытынды жасау, баяндау, мазмұнын айту, түсіндіру, дәлелдеу, толықтыру, түзетулер енгізу, ұсыныс жасау; оқиға мен кейіпкерге сипаттама және мінездеме беру; іс-әрекеттің орны мен мезгілін, себебін, мақсатын нақтылау; қалау, қажеттілік, ықтималдық және эмоциялық күй-қалыпты жеткізу формалары*).

### **Сөйлеу әдеби формулалары және олардың варианттары мен лингво-мәдени ерекшеліктері:**

- ресми/бейресми танысу кезінде;
- амандасқанда, қоштасқанда;

- алғыс айту, тілек білдіру, кешірім сұрау кезінде;
- өтініш айтқанда;
- кеңес беру, ұсыныс жасау кезінде;
- келісу/келіспеу, қарсылық білдіру/бас тартуда;
- ресми/бейресми шақыру және құттықтау кезінде;
- сөзді/сұхбатты бастау/аяқтау кезінде;
- таңдану/қуану, күдіктену, өкіну, сенім/сенімсіздік білдіру жағдайында;
- өзіне назар аударту немесе айтылған тілекке реакция жасауда;
- ресми-іскери коммуникативтік акт кезінде қолданылатын сөйлеу әдеби формулалары мен олардың лингвомәдени мазмұндағы нұсқалары.

### **5.1.2 Коммуникативтік жағдаяттар:**

- қоғамдық және өндіріс орындары, ресми мекемелер мен ұйымдар (*қоғамдық-әлеуметтік, қоғамдық-саяси, ресми-іскери және кәсіби, ғылыми-өндірістік, мәдени салалар*);
- жалпы адамзаттық өзекті мәселелер;
- ресми-іскери және кәсіби сала.

### **5.1.3 Қатысым тақырыптары:**

- экономика, саясат, экология, білім, ғылым, денсаулық;
- жеке тұлға және оның қоғамдағы орны (*қоғам қайраткері, оның қасиеттері мен қоғамдағы орны, жалпы адамзаттық құндылықтар*);
- ғылыми-көпшілікке арналған мәтіндер (*ғылыми және ғылыми көпшілік мазмұндағы ауызша және жазбаша пікір, мақала, хабарлама, баяндама, аннотация/реферат, анықтама; ресми және кәсіби қарым-қатынастарға қатысты құжаттар*);
- мемлекет және қоғам (*мемлекет саясаты, қоғам қайраткерлері, білім және ғылым, өнер мен мәдениет, экономика, шаруашылық, экология, ақпараттық технологиялар және т.б.*);
- елтаным (*ел, тарих, география, экономика, табиғат, экология, халық, мемлекет, қоғам және қоғамдық өмір, мәдениет, ғылым*);
- жаһандану және өркениет (*ғаламдық өзекті мәселелер*).

### **5.1.4 Сөйлеу әрекетінің түрлеріне қойылатын талаптар**

#### **5.1.4.1 Тыңдалым**

Тіл қолданушы жоғары деңгейге арналған ғылыми-көпшілік мазмұндағы саяси-экономикалық, саяси-әлеуметтік, саяси-мәдени, ғылыми-өндірістік, мәдени тақырыптардағы кәсіби бағдарлы түпнұсқа мәтіндерді тыңдап, жақсы түсінеді, толықтырады, сараптайды, сыни көзқарас білдіреді. Өртүрлі коммуникативтік жағдаяттарда айтылған күрделі ойды түсіне алады.

Күнделікті оқиғалар туралы, саяси-экономикалық, саяси-әлеуметтік, саяси-мәдени салаларға және кәсіби қызметке, жалпы адамзаттық өзекті

<p>мәселелерге байланысты ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы тыңдалған қазақтілді ұлт өкілінің табиғи сөйлеу қарқынында айтылған материалдарды жақсы түсінеді. Мәтіннің мағыналық бөліктерінен негізгі ақпаратты алады; алынған ақпарат бойынша әңгіме-сұхбат, пікірталас ұйымдастырып, оған белсене араласады. Тыңдалған мәтіндердегі жекелеген фактілерге қатысты өз пікірін айтады және толықтырады.</p>	
<b>Диалог</b>	Тіл қолданушы күнделікті өмірде, қоғам өмірінде, қызмет саласында кез келген тақырып бойынша сұхбаттарға қатысады; сұхбат үдерісіне белсенді араласады, ойды жалғастырады, пікірталас ұйымдастырып, өз пікірін білдіреді, сараптайды, қорытады.
<b>Мазмұны</b>	әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық-әлеуметтік, қоғамдық-саяси, ресми-іскери және кәсіби, ғылыми-өндірістік, мәдени салалардағы өзекті тақырыптар, монолог, полилог, диалог, ресми және бейресми әңгіме түріндегі ақпараттар
<b>Көлемі</b>	25-30 тілдесім
<b>Сөйлеу қарқыны</b>	минутына 220-250 сөз
<b>Тыңдалуы</b>	1 рет
<b>Монолог</b>	Тіл қолданушы кез келген тақырыптағы монологтердің мазмұнын, олардағы негізгі ойды, әрбір бөліктегі басты және қосымша ақпаратты толыққанды түсінеді.
<b>Мазмұны</b>	әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық-әлеуметтік, қоғамдық-саяси, ресми-іскери және кәсіби, ғылыми-өндірістік, мәдени салалардағы қатысым үшін өзекті тақырыптар
<b>Мәтін түрі</b>	хабарлау, сипаттау және баяндау, аралас мәтіндер. Мәтіндер жоғары деңгейге сәйкес лексикалық-грамматикалық материалдар, осы деңгей үшін ұсынылатын кәсіби және тар аяда қолданылатын бейнелі сөз орамдары бар, ресми-ақпараттық, ғылыми-көпшілік мазмұндағы түпнұсқа мәтіндер және көркем, публицистикалық (деректі) шығармалардың үзінділері
<b>Мәтін көлемі</b>	220-300 сөз
<b>Сөйлеу қарқыны</b>	минутына 200-220 буын
<b>Тыңдалуы</b>	1 рет
<b>Таныс емес сөздер көлемі</b>	5-10%
<b>5.1.4.2 Оқылым</b>	
Тіл қолданушы жоғары деңгейге арналған танымдық, жағдаяттық, кәсіби мазмұндағы мәтіндерді оқып, басты және қосымша ақпараттарды ажырата	

алады; негізгі идеясын түсініп, тақырыбын белгілейді; басты ақпаратты, фактілік ақпаратты ажыратады және аса маңызды фактілерді топтай алады; ақпарат мазмұнын бағалайды, қорытынды жасайды, сараптайды, сыни көзқарас білдіреді.	
<b>Оқу түрі</b>	танысып оқу, зерттеп оқу, ізденіп оқу
<b>Мәтін түрі</b>	ресми/бейресми сипаттау, баяндау және пайымдау элементтері бар, ресми-ақпараттық, ғылыми-көпшілік және кәсіби, ғылыми-өндірістік, мәдени мазмұндағы көлемі әртүрлі түпнұсқа мәтіндер; деректі және көркем публицистикалық шығармалардың үзінділері; ресми және кәсіби қарым-қатынастарға қатысты құжаттар; диалогтер, полилогтер.
<b>Мазмұны</b>	әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық-әлеуметтік, қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік, ресми-іскери және кәсіби, ғылыми-өндірістік салалардағы қатысым үшін өзекті тақырыптар
<b>Мәтін көлемі</b>	300-350 сөз
<b>Таныс емес сөздер көлемі</b>	10%
<b>5.1.4.3 Жазылым</b>	
Тіл қолданушы таңдаған жанрының шарттарына сәйкес кез келген тақырыпта күрделі құрылымдарды пайдалана отырып, жүйеленген көлемді мәтіндерді құрастыра алады. Өзекті мәселелерді анық және нақты, сыни тұрғыдан сипаттай алады. Продуктивті мәтіндерді құрастырады. Зерттеп, танысып оқыған мәтіннің мазмұны бойынша эссе, шығарма, сондай-ақ қызметтік хаттар жаза алады. Оқыған кітабына, ғылыми еңбектерге пікір, аңдатпа, тезис жаза алады. Тіл үйренуші жоғары деңгейге арналған лексика-грамматикалық материалдарды сауатты қолдану арқылы естіген/тыңдаған ақпаратты толық мазмұндап және кеңейтіп жазады; супрессиялық/компрессиялық әдістер арқылы осы ақпарат бойынша қысқаша аннотация немесе осы ақпараттың ықшамдалған мазмұнын жаза алады; ақпаратқа өз пікірін, бағалауын жазба түрде қосады; ресми-іскери салалардағы және кәсіби мен қызметіне қатысты күрделі құжаттарды (хаттама, анықтама, нұсқаухат, сенімхат, кепілхат, есеп, баянат, ілеспехат, жолдаухат, жылдық жоспар, ақпараттық-талдау анықтамалары, нақты мәселеге қатысты ұсыныстар), ғылыми-көпшілік мазмұндағы мақалалар, хабарламалар мен олардың тезистерін жаза алады.	
<b>Мәтін түрі</b>	баяндау, сипаттау және пайымдау элементтері бар аралас мәтіндер; түпнұсқа мәтіндер
<b>Мазмұны</b>	әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық-әлеуметтік, қоғамдық-саяси, ресми-іскери және кәсіби, ғылыми-өндірістік, мәдени салалардағы өзекті тақырыптар, монолог, полилог, диалог, ресми және бейресми әңгіме түріндегі ақпараттар
<b>Мәтін көлемі</b>	220-250 сөз

<b>5.1.4.4 Айтылым</b>	
<b>Диалог</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- диалог құрылымына тән ерекшеліктерді сақтай отырып, диалогке, құрамында бірнеше адам немесе адамдар тобы бар сұхбатқа жағдаяттың тақырыбы мен коммуникативтік мақсатына қарай алдын ала дайындықсыз еркін қатысады;</li> <li>- сұхбат барысында екінші жақтың коммуникативтік мақсатын және айтылған репликасын тез түсініп, оған репликаларды қолдану арқылы дәйек/дәлелдемелер бере алады;</li> <li>- сұхбаттың бастамашысы, оның жетекшісі әрі қорытындылаушысы бола алады.</li> </ul> <p>Тіл қолданушының сұхбат барысында сөйлеу құрылымдарында қолданған сөздік қоры мен грамматикалық бірліктері/құрылымдары қазіргі қазақ тілінің нормаларына және сөйлеу этикетінің нормаларына сәйкес.</p>
<b>Монолог</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- осы деңгейге сәйкес келетін тақырыптар бойынша бағалау, пайымдау, қорыту элементтері бар толыққанды монолог құрастырып, оның мазмұнын кеңейтіп, толықтырып, ықшамдап баяндай алады;</li> <li>- оқылған немесе тыңдалған мәтін негізінде коммуникативтік мақсат-ниеті айқындалған продуктивті сипаттағы монолог құрастырып, ондағы факт, оқиға, әрекеттерге көзқарасын, бағасын, сыни пікірін, эмоциясын білдіре алады;</li> <li>- белгілі бір коммуникативтік жағдаятқа қарай өз ойын әртүрлі мағыналық реңкпен бере алады, жоғарғы деңгейге сәйкес тілдік құралдарды пайдалана отырып, өз ойын жылдам, еркін, дәйекті түрде жеткізеді;</li> <li>- өз ойын логикалық жүйеде құрастырады және маңызды ақпаратқа тыңдаушының назарын аударта алады.</li> </ul>
<b>Айтылым көлемі</b>	20-25 сөйлем
<b>Мәтін түрі</b>	баяндау, сипаттау, пайымдау элементтері бар аралас мәтін түрі; жоғары деңгейге сәйкес лексикалық-грамматикалық материалдар, кәсіби терминдер, бейнелі сөз орамдары қамтылған түпнұсқа мәтіндер
<b>Мәтін көлемі</b>	220-250 сөз

## 6 Тілдік құзыреттіліктің мазмұны

Тіл қолданушының жоғары деңгейдегі тілдік құзыреттілігі тілді меңгерудің бұған дейінгі деңгейлеріне арналған фонетикалық, лексикалық-грамматикалық, функционалды-семантикалық тілдік бірліктерді еркін меңгеруі және оларды нақты коммуникативтік жағдаяттарда орфографиялық

және орфоэпиялық нормаларды толық сақтай отырып, алдын ала дайындықсыз қолдана алуы арқылы қалыптасады.

Тілдік құзыреттіліктің фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис және лексика салалары бойынша мазмұны төмендегі №2-кестеде берілген.

№2-кесте

Тіл білімінің салалары	Мазмұны
<b>Фонетика</b>	Сөздің, сөз тіркесі мен фразалардың, жай сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдердің айтылу ырғағындағы, интонациясындағы, екпініндегі табиғи заңдылықтар. Ықпал. Емле: күрделі сөздердің (біріккен сөз, қос сөз, номенклатуралық күрделі атаулар, атаулық тіркестер, қысқарған сөздер) жазылуы; тыныс белгілері.
<b>Сөзжасам. Морфология</b>	<p>Сөзжасам тәсілдері. Күрделі сөздер (біріккен сөз, қос сөз, номенклатуралық күрделі атаулар, атаулық тіркестер, қысқарған сөздер). Күрделі етістіктер.</p> <p><b>Зат есім. Басқа сөз таптарының заттануы</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- лексика-семантикалық топтары: деректі/дерексіз зат есім, жинақтау (<i>жан-жануар, ағайын-туыс</i>) зат есімдері, күрделі сөздер және атаулық тіркестер, күрделі номенклатуралық атаулар (<i>Қазақстан Республикасының Парламенті</i>).</li> <li>- түбір сөздердің, күрделі сөздердің, атаулық тіркестердің тәуелденуі, жіктелуі, септелуі/тәуелдене септелуі (оңаша және ортақ тәуелденуі).</li> </ul> <p><b>Сын есім</b></p> <p>Сын есімнің түрлері: сапалық (<i>әсем, күлгін, қатал, көтеріңкі</i>) және қатыстық (<i>көрікті, беделді, бойшаң</i>) сын есімдер. Сын есімнің орын тәртібі: анықталатын сөздің алдында тұрады (<i>әдепті бала, өнерпаз адам</i>).</p> <p>Сын есімнің шырайлары. Салыстырмалы шырай (<i>үлкен+деу; жақсы+рақ</i>). Күшейтпелі шырай (<i>аппақ, аса құрметті</i>). Сын есімнің құрамы: жалаң және күрделі сын есімдер (<i>жомарт, абыройлы, ұзын бойлы, ақкөңіл</i>). Сын есімдердің заттануы (<i>Талаптыға нұр жауар; Үлкендер төрге отырады; Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады. Жақсыдан шарапат</i>).</p> <p><b>Сан есім</b></p> <p>Лексика-семантикалық жағынан сандық ұғымды білдіретін квантор сөздер: <i>жалғыз, біреу, жарты, жарым, егіз, қос, сыңар, ширек</i>.</p>



Халықтық өлшемдер: *қарыс, сүйем, елі, құлаш, шөкім, шымышым, уыс, табан;*

Сан ұғымын білдіретін фразеологизмдер: *ат басындай алтын, теңіздегі тамшыдай, екі аттам жер, жеті қабат жер асты, қызға қырық үйден тыйым т.б.*

Жалқылық/жекелік ұғымды білдіретін халықтық сөздер: *жалғыздың үні шықпас, жапандағы жалғыз үй, жар дегенде жалғызым, бір түйір т.б.*

Көптік ұғымды білдіретін сөздер: *халық, топ, үйме, табын т.б.*

### **Есімдік**

Өздік есімдік, жалпылау есімдіктері, белгісіздік есімдіктері, болымсыздық есімдіктері, есімдіктердің кейбір түрлерінің септелу, тәуелдену, жіктелу ерекшеліктері (*мынау, мынаның, мынаған, мынаны, мынада, мынадан, мынамен; Сіз қайдансыз? Бұл – менмін; бәріміз, ешкімнің, ешкімге, біреуге, біреуден*).

### **Етістік**

Қимылдың өту сипаты.

- қимылдың басталуы (*-уға/-уге, -а/-е/-й*);
- қимылдың жалғасуы (*-ет, -а/-е/-й*);
- қимылдың аяқталуы (*-ет, -ып/-іп/-п, -қал/-кел*).

Етістіктің шақ формалары. Тұйық етістік/қимыл есімі. Мағыналары және ерекшеліктері: *менің оқу+ым; оқу+ға кетті; Аханов оқу+лары басталды; оқу+шы*. Қалып етістіктердің қолданылу ерекшеліктері (*тыңдап отыр; ауырып жүр; демалып жатыр; күтіп тұр*).

Етістіктің болымсыз түрі. Бұйыру, талап ету, қалау, өтініш формалары. Қалау рай (*барғың келді – барғың келеді*). Шартты рай. Шартты рай формаларының семантикалық – синтаксистік потенциалы: мезгілдік мағына (*демалысқа шықсам, ауылға барамын; ойыма алсам, сағынамын*); себептік мағына (*конференция болмаса, біз кездеспес едік*); қарсылықты мағына (*жас болса да, тәжірибесі мол маман*); мақсат мағына (*қосымша қаржы сұраймын десең, негіздемесін дайында*); салыстыру мағынасы (*біреу асырып айтса, біреу жасырып айтады*).

Көсемше: *-ып/-іп, -п; -а/-е, -й; -ғалы/-гелі* (*тыңдап отыр; айта жатар; жүргелі тұр*).

Есімшенің *-ар/-ер, -р* формасы және оның функционалды-семантикалық ерекшеліктері: мезгілдік мағына, күмән, мөлшер, тездік (*келерде хабарлас; барар-бармасын білмеймін; болар-болмас жұмыс; кірер-кірместен сөйлей*

жөнелді). Есімшенің заттануы, адъективтенуі (тапсырылған жұмыс; айтылатын сөз; Шетел тілін білетіндер жақсы жұмыс таба алады. Көп жасағаннан емес, көп көргеннен сұра.).

Етістіктің аналитикалық формалары. Көмекші етістіктер (айта бастады; бере салды, оқып шық, кетіп қалды, кіріп шықты, сөйлеп бара жатыр, айта жатады, салып жібер).

Етіс және оның түрлері: ырықсыз етіс, ортақ етіс, өздік етіс, өзгелік етіс.

Құранды етістіктер (қызмет ету, қамқор болу, түк етпеу, іске асыру, талап ету).

Де/деп, еді/екен, болып/боп көмекші етістіктері.

-уда -уде формасы (жүргізілуде, жүзеге асырылуда)

### **Үстеу**

Үстеудің мағыналық топтары: мезгіл үстеу (биыл, былтыр, күндіз, жаздыгүні, күні бойы, кешқұрым, ымырт), мекен үстеу (жоғары, төмен, алыс, жақын, тысқары, сыртта, ілгері), сын-бейне үстеу (зорға, бірден, астыртын); мөлшер үстеу (біраз, едәуір, қыруар, бірлі-жарым, соншалық).

### **Шылау**

Септеуліктердің мағыналық топтары: мезгіл мағыналы, себеп мағыналы, қарсылықты мағыналы, мақсат мағыналы, объект, ойлау мағыналы, бірге/ қатарластық мағыналы, анықтау мағыналы, кеңістік мағыналы септеуліктер. Жалғаулықтардың мағыналық топтары: ыңғайластық, қарсылықты, талғаулықты, себеп-салдарлы, шарттық қатынастарды білдіретін жалғаулықтар. Демеуліктердің мағыналық топтары: сұраулық, күшейткіш, шектік, болжалдық, нақтылау мәнді.

### **Көмекші сөздер**

Зат есімдермен тіркесетін көмекші есімдердің тәуелдене септелуі (қаланың сырты; қаланың сырты-ның, қаланың сырты-на, қаланың сырты-н, қаланың сырты-нда, қаланың сырты-нан, қаланың сырты-мен).

### **Модаль сөздер**

Модаль сөздердің мағынасы. Сөйлеушінің ақпараттың мазмұнына қарым-қатынасы (керек, қажет, әрине, мүмкін, шынында, шамасы, шығар, бәлкім, бар, жоқ, сияқты, тәрізді, секілді, меніңше, біріншіден). Модаль сөздердің

	<p>кейбір түрлерінің жіктелуі, септелуі (<i>сіз бізге керексіз; дүкенде керектің бәрі бар; қажетіме жаратамын</i>).</p> <p>Модальділік мағынаның берілуі. Болжалдық модальділігі (<i>-ған екен, -ыпты/іпті, шығар, -ған сияқты т.б.</i>).</p> <p>Міндеттілік модальділігі (<i>-уға міндетті, -уға тиіс</i>).</p> <p>Қажеттілік модальділігі (<i>-у қажет, -у керек</i>). Қалау модальділігі (<i>-ғы кел</i>). Тілек модальділігі (<i>-са игі еді, -са екен</i>).</p> <p><b>Одағай</b> Көңіл-күй, императивтік ишара одағайлары. Одағайлардың грамматикалық, мағыналық және интонациялық ерекшеліктері.</p> <p><b>Еліктеуіш сөздер</b> Бейнелеуіш сөздер (<i>жалт қарады, былт ете түсті</i>), еліктеуіш сөздер (<i>тарс етті, сылқ-сылқ күлді</i>).</p> <p>Еліктеуіш сөздерден зат есімдердің жасалуы (<i>тарс+ыл, гүрс+іл</i>).</p> <p>Еліктеуіш сөздерден етістіктердің жасалуы (<i>аю қорбаңдады, мылтық тарсылдады</i>).</p>
<p><b>Стилистика</b></p>	<p>-публицистикалық стильдің лексикалық, грамматикалық ерекшеліктерін түсіну, өз ойын жеткізуде оларды пайдалану;</p> <p>-ресми-іскери және ғылыми стильдердің құрылымын стандартты меңгеру, жазба жұмыстарында сауатты пайдалану;</p> <p>- көркем әдебиет стилінің лексикалық ерекшеліктерін, сөз қолданысының функцияларын түсіну.</p>
